


Америкалық индекстер тоқсанды инвесторлардың оптимизмі аясында рекордтық өсіммен аяқтады...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	7 499	▲ 0,8%	▲ 9,3%
NASDAQ	26 214	▲ 1,5%	▲ 12,8%
DJIA	52 319	▲ 0,3%	▲ 8,1%
CBOE Volatility Index (VIX)	16	▼ -6,8%	▲ 13,4%
Еуропа			
FTSE 100	10 497	▲ 0,1%	▲ 5,5%
DAX	2 124	▲ 1,4%	▲ 24,6%
Азия			
Hang Seng	22 881	▼ -0,6%	▼ -13,1%
Nikkei 225	71 119	▲ 2,4%	▲ 41,3%
Shanghai SE	4 094	▲ 0,5%	▲ 1,8%
Қазақстан			
KASE	7 713	▼ -0,1%	▲ 8,2%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сейсенбі күні АҚШ қор нарығы сауда-саттықты сенімді өсіммен аяқтап, маусым айын ғана емес, екінші тоқсанды да жоғары нәтижемен қорытындылады. S&P 500 және Nasdaq индекстері 2020 жылдан бергі ең жоғары тоқсандық өсімді тіркеп, инвесторлардың АҚШ экономикасының даму перспективалары мен корпоративтік табыстарға деген сенімінің сақталғанын көрсетті. S&P 500 индексі 0,79%-ға өсіп, 7 499,36 тармаққа жетті, Nasdaq Composite 1,52%-ға жоғарылап, 26 213,72 тармақты құрады, ал Dow Jones Industrial Average 0,26%-ға өсіп, 52 319,20 тармақ деңгейінде жабылды.

Нарықтың өсуіне ең үлкен үлесті технологиялық сектор қосты. S&P 500 индексідегі салалардың ішінде дәл осы сектор көш бастады. Сонымен қатар, жартылай өткізгіштер өндіруші компаниялар да оң динамика көрсетті, ал осы сектордың индексі күн қорытындысы бойынша көшбасшылар қатарынан орын алды. Nvidia акциялары 3,9%-ға қымбаттап, жасанды интеллект пен жоғары технологиялар секторына инвесторлардың қызығушылығын тағы бір мәрте күшейтті.

Сонымен қатар, геосаяси жағдай да нарық назарында қалды. Сейсенбі күні Катар өкілі Дохаға келген АҚШ-тың жоғары лауазымды өкілдері Иран тарапымен жоғары деңгейдегі кездесу өткізуді жоспарламайтынын мәлімдеді. Бұл жаңалық дипломатиялық келіссөздерде ілгерілеудің жоқтығын көрсеткенімен, инвесторлардың көңіл күйіне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Нарық қатысушыларының басты назары бұрынғыдай корпоративтік нәтижелер мен макроэкономикалық факторларға бағытталды.

Инвесторлардың оң көңіл күйіне алдағы корпоративтік есептілік маусымына деген үміт те қолдау көрсетуде. S&P 500 индексіне кіретін компаниялардың бірінші тоқсандағы мықты қаржылық нәтижелерінен кейін нарық қатысушылары екінші тоқсандағы есептер де корпоративтік табыстардың тұрақтылығын және компаниялардың қазіргі экономикалық жағдайға бейімделу қабілетін растайды деп күтуде.

Сауда-саттық аяқталғаннан кейін Nike компаниясының тоқсандық есебі жарияланып, оның акциялары постмаркетте шамамен 2%-ға төмендеді. Бұл инвесторлардың компанияның қаржылық нәтижелеріне біршама сақтықпен қарағанын көрсетті.

Сонымен қатар, инвесторлар инфляциялық тәуекелдер мен АҚШ Федералдық резерв жүйесінің алдағы қадамдарын мұқият бақылауды жалғастыруда. Қарулы қақтығыстың бастапқы кезеңінде мұнай бағасының күрт өсуі инфляцияның жеделдеуі және қатаң ақша-несие саясатының ұзақ сақталуы мүмкін деген алаңдаушылықты күшейтті. LSEG деректеріне сәйкес, нарық қатысушылары 2026 жылдың соңына дейін ФРЖ кемінде бір рет пайыздық мөлшерлемені көтереді деп күтуде.

Шикізат нарығында мұнай бағасы төмендеді: Brent маркалы мұнай 1,3%-ға, WTI маркалы мұнай 1,8%-ға арзандады, ал алтын бағасы іс жүзінде өзгеріссіз қалды. Нарық қатысушылары мұнай бағасына бұрын енгізілген геосаяси сыйлықақыны қайта бағалап, бір жағынан инфляциялық тәуекелдерді, екінші жағынан әлемдік мұнай саудасындағы негізгі бағыттардың бірі саналатын Ормуз бұғазы арқылы жеткізілімдердің қалпына келе бастағанын ескеруде. Жеткізілімнің үзілу қаупінің төмендеуі энергия тасымалдаушылары бағасына түсетін қысымды әлсіретіп, инфляциялық тәуекелдерді азайтады және жетекші әлемдік орталық банкітердің міндетін біршама жеңілдетеді.



S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Information Technology	24 595 723 855 493	▲ 1,7%	▲ -6,3%	▲ 109,0%
Communication Services	11 547 597 384 265	▼ -1,0%	▲ -6,3%	▲ 11,8%
Financials	8 353 901 754 402	▼ -0,1%	▲ 3,2%	▲ 4,4%
Consumer Discretionary	6 772 877 808 187	▼ -0,3%	▲ 2,7%	▲ 8,4%
Industrials	5 829 174 088 157	▲ 0,9%	▲ 4,8%	▲ 26,3%
Health Care	5 985 184 106 727	▼ -0,9%	▲ 8,4%	▲ 13,6%
Consumer Staples	3 471 110 269 187	▼ -1,8%	▲ 2,7%	▲ 3,2%
Energy	1 981 816 390 605	▼ -0,6%	▲ -6,0%	▲ 30,4%
Utilities	1 434 558 118 079	▼ -1,4%	▲ 4,4%	▲ 14,4%
Materials	1 199 858 470 355	▲ 0,2%	▲ -0,6%	▲ 19,0%
Real Estate	1 199 152 031 132	▼ -2,1%	▲ 1,9%	▲ 5,0%

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Қазақстан Халық Банкі	363	▲ 0,5%	▼ -2,5%
Банк ЦентрКредит	4 615	▼ -0,3%	▼ -2,4%
Kcell	3 234	▲ 1,0%	▼ -4,4%
"Қазатомпром" ҰАК	34 360	▲ 0,3%	▲ 16,7%
КазТрансОйл	1 134	▲ 0,4%	▲ 17,5%
KEGOC	1 445	▲ 0,3%	▼ -6,8%
Kaspi.kz	41 905	▼ -1,6%	▲ 3,3%
"ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы	33 990	▲ 0,58%	▲ 55,1%
Эйр Астана	653	▼ -0,9%	▼ -42,8%
Қазақтелеком	40 050	▼ -0,1%	▼ -8,9%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	479,20	▼ -1,2%	▼ -5,4%
RUB/KZT	6,62	▲ 0,0%	▲ 3,5%
CNY/RUB	10,80	▼ -1,4%	▼ -1,7%
EUR/USD	1,1421	▲ 0,0%	▼ -2,5%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2026 ж.